ҚАРАЛДЫ:
«Абай облысы білім басқармасы» ММ «ДпҚББД ОҒӘ» «Дарын орталығы КМҚК ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында
«_2_» ___09___ 2026 жыл

БЕКІТЕМІН:
«Абай облысы білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік орталығы КМҚК «Дарын» орталығы
_____ Ж. Ныязбекова

«Сенің көзқарасың» облыстық бейнероликтер байқауын өткізу туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Сенің көзқарасың» облыстық онлайн бейнероликтер байқауын (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуін, өткізу және қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін айқындайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары «Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК (бұдан әрі –«ДпҚББД ОҒӘ «Дарын» орталығы) болып табылады.

1.3. Байқаудың мақсаты – білім алушылар арасында салауатты және қауіпсіз өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттердің алдын алу, денсаулыққа жауапкершілікпен қарау.

1.4. Байқаудың негізгі міндеттері:

1) Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау саласында шығармашылық бастамаларды дамыту;

2) Салауатты және қауіпсіз өмір салтын, заттарды тарату мен қолдануға теріс көзқарас дағдысын қалыптастыру;

3) Байқау жұмыстарын дайындау барысында жасанды интеллект құралдарын пайдалану;

1.5. Байқауды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмысын үйлестіру және жүзеге асыру үшін облыстық ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі-ұйымдастыру комитеті) құрамы бекітіледі.

2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Байқауды өткізу нысаны: онлайн.

2.2. Байқауға қатысу үшін оқушылар https://abaidaryn.kz платформасына тіркеліп, өз жұмыстарын белгіленген талаптарға сәйкес жүктеуі қажет. Байқауға материалдар орыс және қазақ тілдерінде электрондық түрде қабылданады.

2.3. Байқау жұмыстары – 2026 жылғы **01 қазан мен 21 қазан** аралығында қабылданады.

2.4. Байқауға қатысушылар –жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 1-11 сынып білім алушылары.

2.5. Байқауға қатысу үшін қатысушылар https://abaidaryn.kz платформасына тіркеліп, өз жұмыстарын белгіленген талаптарға сәйкес жүктеуі қажет.
Ескерту: төлемді растайтын жарна (чек) көрсетілген қатысушының аты-жөні мен байқаудың атауы өтінімде көрсетілген мәліметтермен толық сәйкес келуі тиіс. Мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда төлемді растайтын жарна (чек) қабылданбайды.
2.6 Қазылар алқасы **2026 жылғы қазан айының үшінші онкүндігінде** байқау жұмыстарын қарайды.

2.7. Бір қатысушы үшін жұмыс саны шектелмейді, жарна әрбір байқау жұмысы үшін төленеді (1 бейнеролик үшін).

3. Тақырыптық бағыттар

3.1. «Денсаулық – трендте!» – салауатты өмір салтын насихаттауға, денсаулықты күтуге, белсенді өмір салтын қалыптастыруға және зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған креативті бейнероликтер
3.2. «Өмірді таңда! Есірткіге жол жоқ!» – есірткі құралдарын пайдаланудың алдын алуға, салауатты өмір салтын таңдауға, есірткінің адам өміріне тигізетін зияны туралы ақпараттандыруға және саналы таңдау жасауға бағытталған әлеуметтік бейнероликтер.
3.3. «Қауіпсіз жол – жарқын болашақ!» – жол қозғалысы ережелерін сақтауды насихаттауға, балалардың жол-көлік жарақатының алдын алуға және білім алушылар мен олардың ата-аналарында қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бейнероликтер.
3.4. «Digital әлем: қауіпсіз бол!» – балалардың цифрлық ортада қауіпсіз әрекет етуін, цифрлық сауаттылықты арттыруды, жеке деректерді қорғауды, кибербуллинг, интернет-алаяқтық және қауіпті контенттің алдын алуды насихаттауға бағытталған бейнероликтер.

4. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар

4.1. Роликтің мазмұны байқау тақырыбына сәйкес келуі тиіс.
4.2. Техникалық талаптар: ұзақтығы - 2 минуттан аспауы тиіс. **Байқау жұмыстарын Youtube желісіне жүктеп сілтемесін өтінімде көрсету қажет.**
4.3. Түсірілім үшін кез келген аппаратураны пайдалануға болады: бейнекамера, фотоаппарат, ұялы телефон. Бейнематериалда бейне, мәтін, бейне, дауыс, музыка болуы мүмкін.
Бейнероликке: толтырылған өтінім (қосымша 1 сәйкес), ұйымдық жарнаны төлеу туралы түбіртек (чек) - 2000 теңге қоса беріледі.

5. Қорытындылар шығару және жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Байқауды бағалау келесі номинациялар бойынша өтеді:

- «Денсаулық – трендте!» тақырыбындағы ең үздік бейнеролик
- «Өмірді таңда! Есірткіге жол жоқ!» тақырыбындағы ең үздік бейнеролик
- «Қауіпсіз жол – жарқын болашақ!» тақырыбындағы ең үздік бейнеролик
- «Digital әлем: қауіпсіз бол!» тақырыбындағы ең үздік бейнеролик

5.2. Әр номинацияда I, II, III дәрежелі Дипломдармен марапатталатын жеңімпаздар анықталады. Барлық қатысушыларға қатысқаны үшін Сертификаттар беріледі. Құжаттар электрондық түрде қол қойып және мөрмен рәсімделеді. Байқау нәтижелері «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК-ның **abaidaryn.kz платформасында** жарияланады. Қатысушылар жеке кабинетіне кіріп, сертификат немесе дипломын жүктеп ала алады.

5.3. Бағалау критерийлері:
1) Бейнематериалдардың мазмұны критерийлер бойынша бес балдық жүйе арқылы төмендегідей бағаланады:
- сюжеттің таңдалған тақырыпқа сәйкестігі;
- өзіндік ерекшелігі;
- тақырыпқа сай болуы;
- өзектілігі, мазмұнына сәйкестілігі;
- жұмыстың практикалық маңыздылығы, автордың жеке үлесі.
2) Бейнематериалдарды техникалық бағалау төмендегідей критерийлер арқылы бес балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады:
- бейнематериалдың бірінші кадры талаптарға сай рәсімделуі (жұмысты ұсыну); уақыттағы регламентті сақтау;
- ақпарат көздерінің тізімі бар (немесе дереккөздері бар титрлер);
- фильмнің бірдей элементтері үшін бірыңғай бейне ауысу стилі, стильді өзгерту негізді түрде қолданылады;
- мәтіндік және графикалық ақпараттың қабаттасуы жоқ;
- презентацияның эстетикалық рәсімделуі.

6. Байқауға ақы төлеуге арналған деректемелер

6.1. Ұйымдастыру жарнасын төлеу Kaspi.kz арқылы жүзеге асырылады:
1) Kaspi.kz тіркелу;
2) «Төлемдер» бөлімі;
3) «Білім»;
4) «Қосымша білім беру»;
5) «Абай облысы ББ «Дарын орталығы» (Семей қаласы Дастенов көшесі 29);
6) қатысушының деректерін және төлем сомасын енгізу;
7) Төлем әдісін таңдау, төлем жасау.
(байқауды міндетті түрде көрсету)

Қосымша 1

«Сенің көзқарасың» облыстық бейнероликтер байқауына қатысуға сұраныс

Жұмыстың атауы	Қатысушының аты-жөні	Мекен жайы; байланыс телефоны	Білім беру ұйымы, сыныбы	Жұмыстың ютубт арнасындағы сілтемесі	Жетекшінің байланыс телефоны; эл поштасы

Анықтама телефоны: 87752713008 Тагаева Шынар Жармукановна.